

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін және Шекара академиясын қызметтік жануарлармен жабдықтау нормаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2015 жылғы 5 мамырдағы № 32 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 11 маусымда № 11302 тіркелді.

**Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 01.04.2021 № 32/ке (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 70-бабының 3-тармағына және "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 26-бабының 4-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 25.04.2025 № 27/ке бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін қызметтік жануарлармен жабдықтау нормалары бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 01.04.2021 № 32/ке (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. ҰҚК Шекара қызметі заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспасөз басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. ҰҚК Шекара қызметі тиісті қаржылық жылға арналған республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен және шегінде қызметтік жануарларды сатып алуды кезең-кезеңімен жүзеге асырсын.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Комитет Төрағасы

Н. Әбіқасев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі

Б.Сұлтанов

2015 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін және Шекара академиясын қызметтік жануарлармен жабдықтау нормалары**

Ескерту. Нормалары жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 01.04.2021 № 32/ке (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 14.10.2022 № 71/ке бұйрықтарымен.

**1-тарау. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін және Шекара академиясын жылқылармен жабдықтау нормасы**

| Р/с№ | Бөлімше атауы                                     | Өлшем бірлігі | Қызметтік жылқы | Оқу жылқысы | Айғыр | Бие (аналық бас) | Құлындар        |                 |                 | Үйретілетін жылқы |
|------|---------------------------------------------------|---------------|-----------------|-------------|-------|------------------|-----------------|-----------------|-----------------|-------------------|
|      |                                                   |               |                 |             |       |                  | 1 жасқа дейінгі | 2 жасқа дейінгі | 3 жасқа дейінгі |                   |
| 1.   | Шекара бөлімі (бөлімшесі)                         | бас           | 20              | -           | -     | -                | -               | -               | -               | -                 |
| 2.   | Оқу-жатығу – үйрету кавалериялық тобы (бөлімшесі) | бас           | 6               | -           | 3     | 30               | 30              | 30              | 30              | 30                |
| 3.   | Шекара академиясы                                 | бас           | -               | 46          | -     | -                | -               | -               | -               | -                 |

**Ескертпелер:**

1. Қызметтік жылқы – Шекара қызметінің мүддесі үшін қолданылатын жылқы.
2. Оқу жылқысы – белгіленген психологиялық және физиологиялық сапасы бар, оқу жүрісінде қолданылатын жылқы
3. Айғыр – асыл тұқымды жылқыны өз төлінен өсіру үшін пайдаланылатын асыл тұқымды малдың дара аталығы.
4. Бие – асыл тұқымды жылқыны өз төлінен өсіру үшін пайдаланылатын ұрғашы жылқы.
5. Тай-құлындар – 3 жасқа дейінгі жылқы төлі.
6. Үйретілетін жылқы - 3 жастан 5 жасқа дейінгі жастағы бөлімшелерге арналған үйретуден (бастықтырудан), баптаудан өткен жылқылардың санаты.

7. Оқу-жаттығу-үйрету кавалерлік тобы (бөлімшесі) – функциясы асыл тұқымды жылқыларды өсіру, көбейту, үйрету және жылқы қызметінің мамандарын дайындау болып табылатын құрылымдық бөлімше.

8. Жылқының шекті жасы – 15 жыл

## 2-тарау. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін және Шекара академиясын иттермен жабдықтау нормасы

| Р/с № | Бөлімшелердің атауы                                   | Өлшем бірлігі | Иттер санаты |              |        |       |
|-------|-------------------------------------------------------|---------------|--------------|--------------|--------|-------|
|       |                                                       |               | Қызметтік ит | Асыл тұқымды | Саптық | Күшік |
| 1.    | Шекара бөлімі (бас бөлімше)                           | бас           | 5            | -            | -      | -     |
| 2.    | Шекаралық бақылау тобы                                | бас           | 6            | -            | -      | -     |
| 3.    | Күзету бөлімшесі (бас тобы)                           | бас           | 6            | -            | -      | -     |
| 4.    | Арнайы мақсаттағы ұтқыр іс-қимыл бөлімшесі (тобы)     | бас           | 4            | -            | -      | -     |
| 5.    | Кинолог мамандарды дайындау бөлімшесі (тобы)          | бас           | -            | -            | 50     | -     |
| 6.    | Қызметтік иттерді өсіру, көбейту және дайындау бөлімі | бас           | -            | 50           | 150    | 150   |
| 7.    | Шекара академиясы                                     | бас           | 13           | -            | -      | -     |

### Ескертпелер:

1. Қызметтік ит – шекаралық кеңістікте құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, белгілеу және жолын кесу, сондай-ақ құқық бұзушыларға дене күшімен, психологиялық, блоктау және өзге де әсер ету мақсатында шекара нарядтарын күшейтуге арналған ит.

2. Асыл тұқымды ит – асыл тұқымды иттерді өз төлінен өсіру үшін пайдаланылатын ит.

3. Саптық ит – арнайы дайындық (жаттықтырылады) курсын өтпеген ит, сонымен қатар іздеу иттердің нұсқаушыларын дайындау бойынша оқу бөлімшелерінде,

жетекшілерді дайындау бойынша жиындарда оқудағы ит, сондай-ақ бөлімшелер жанында жаттықтырылатын ит.

4. Күшік – жасы 6 айға дейінгі жас ит.

5. Иттің шекті жасы – 8 жыл 3 ай

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК